

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

28. 11. 2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – аға оқытушы Әбсаттар С., АК мүшесі, PhD. академиялық персонал – Тажибаев Р., АК мүшесі, PhD. академиялық персонал – Анламасова М., АК мүшесі, саяси ғ.к. академиялық персонал – Нысанбаева А., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Аралбеков Н., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Женгизхан Жаналтай (онлайн зум арқылы), АК мүшелері, білімгерлер өкілдері – Эргаштаев Ш., Мұстафа Санжар Ышын, Райымқұл А.

Күн тәртібі:

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
2. Аудит нәтижелерін талқылау
3. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
4. Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ-лары бойынша дамыту және толықтыру жұмыстарын талқылау
5. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Әбсаттар С. Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қараша айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына орай Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау. **Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Тажибаев Р. алды:**

2023-2024 Оқу жылына ББ жанартуға ББ пәндерінің жалпы саны өзгерді, Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды. Бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі. БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды және кемінде 172 академиялық кредитті құрайды делінген осы мәселені толықтай қарау керекпіз. Пәндерді біріктіру мәслесін ақылдасып шешімі қарастырылды.

АК төрағасы Әбсаттар С. Құрметті АК мүшелері Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек. Енді оны талқыладық алда жұмыстар көп және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім: Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастырылды, ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды, Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ-лары бойынша дамыту және толықтыру жұмыстарын талқыланды. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдалсын, Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Әбсаттар С.

Хатшысы:



Нысанбаева А.